

Ыбырай және қазақ музыкасы

Сазгер Әбілхат Еспаевтың «Ұстазым, менің ұстазым» әнін бүгінде білмейтін қазақ баласы жоқ. Қолына қалам алып, мектеп табалдырығын аттаған әрбір оқушы осы әнді жаттап өсті. Дегенмен көпшілік жатқа айтатын осынау әннің тарихын көбіміз біле бермейтіміз де бар. Ыбырайтанушы, ф.ғ.к. Серікбай Оспанов өзінің «Ыбырай жолы» атты кітабында бұл әннің шығу тарихын Балғожа бидің оқудағы баласына жазған хатымен байланыстырады.

Балғожаның «Шырағым, мұнда жүрсең нетер едің» деп басталған хат-өлеңін оқыған Әбілахат бірден көшіріп алып, ақын Аманжол Шәмкеновке алып барып, ұстаздарға арналған ән мәтінін жазу керектігін, оның осы өлеңге сәйкес келуін айтады. Сонымен бір күннің ішінде бірнеше ұрпақтың ұранына айналған ән дүниеге келеді. Аманжол Шәмкенов жазған ән мәтініндегі:

*Зердемді сен ашпасаң нетер едім,
Өмірден сыбағасыз өтер едім, - деген жолдардың,*



Пылы Нурғужа. Языл. Сурет.

ның туындысы екенін көзі қарақты оқырман бірден таниды. Әннің бірқалыпты айтылатын монотонды шығарма екендігінде байқауға болады. Тағы бір ерекше атап өтетін дерек, әннің хормен айтылуы. Ыбырай ашқан мектеп арқылы Торғай өңіріне еуропалық музыка мәдениеті ертерек таныс болғаны белгілі. Оған Торғайда ашылған театр үйірмелерінде орыс тіліндегі спектакльдердің қазақшаланып сахналануын, Міржақып Дулатовтің «Сағыну» атты романс шығаруын, оның жары Ғайнижамалдың Шопен мазуркаларына билеуін, скрипка, гитара, мандолинаны Торғайлық жастардың жаппай тартуын мысал ете аламыз.

1896 жылы шыққан «Известия Общества археологии, истории

Байқадам әулетінің Балғожа биді өздеріне нағашы тұтқаны туралы Данабике Байқадамованың «Алма ағаштар гүлдегенде» кітабында жазып қалдырған. Ыбырай мектебінен үйренген тағылым Бақытжанға әсер етті десек ешкім жоққа шығара қоймас. Байқап қарасақ, Ыбырай өлеңінің хормен айтылуы мектептегі дәстүр болып қана қоймай, оның тәлімін көрген шәкірттері

арқылы үлкен дәстүрі бар мектепке айналыпты. Біз мұны ұлы ағартушының ұлттық мәдениетіміздің жаңа сапаға көтерілуіне тигізген шарапаты деп ұғуымыз керек.

Ыбырайдың «Жаз» өлеңінің ән ретінде ел арасына кең тарағаны туралы Кобланның мақаласынан басқа да дерек көздері бар. Д.М.Львовичтің 1914 жылы Петроградта жарық көрген «По киргизской степи» атты жолжазба кітабында қазақ музыкасын қатысты қызықты деректер кездеседі. Торғай өңірін аралаған саяхатшы қазақ әншілерінің орындауындағы ән-жырларды тыңдайды. Д.Львович кітабында Шортанбайдың «Зар заманы», Татьянаның Онегинге

Так пыл Нурғужа... Склонившись над неуклюжим инструментом, он – то бережно, то с грубой силой, водил смычком по его струнам и голос его, по мере того, как развивалась песня, то замирал почти до шепота, то, казалось, плакал от прилива блаженства, то, наконец, в каком-то первобытном экстазе, гремел, подобно трубе...

Признаюсь, я никак не ожидал, чтобы у киргизов могли существовать подобные поэтическая произведения; вся песня была запечатлена такой неподдельной искренностью, от нее веяло таким свежим, правдивым вдохновением, что я невольно стал опасаться, как бы Доспай не спросил меня: «а у вас, в России, умеют сочинять такие песни?». Ибо на этот раз, уже вполне чистосердечно, пришлось бы ответить отрицательно... [По Киргизской степи: Путевые очерки / Дм. Львович., – Петроград., 1914. с., 45-50.]

Львович бұдан әрі Нурғожа айтқан әннен үй ішіндегілердің қандай күйде отырғандығы туралы сипаттап жазған. Бұл жазбада тағы бір ден қойып, маңыз беріп қарайтын дерек әннің қобызбен айтылуы. Ежелгі заманнан бері негізінен бақыстардың аспабы ретінде саналып келген қобызды тарту басқа музыкалық аспаптарды үйренуге қарағанда қиын.

Шырағым, мұнда жүрсен нетер едің?
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен не мұратқа жетер едің?! –
деп келетін өлеңге ұқсас болып келуінің сыры осында жатыр.

Өткен ғасырларда шыққан орыс саяхатшыларының жазбалары мен мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген мақалаларды оқып отырып, Ыбырай Алтынсариннің өлеңдері де өзіне лайықты әнімен айтылып, ел арасына тарағаны туралы деректер кездестірдік.

«Астраханский вестник» газетінің 1891 жылы шыққан 453 санында «Новый год в киргизской школе» атты естелік басылған. Авторы – Коблан. Естелік мақалада мектепте оқушыларының наурыз мерекесін қарсы алғаны туралы жазылған. Оқу инспекторы таңертемен келіп оқушыларға Ресей патшалығының әнұранын («Боже, царя храни!») орындатады. Онан кейінгі орындалатын ән жайлы авторы былай деп жазыпты:

«После небольшого отдыха дети запели монотонную киргизскую песню, если не ошибаюсь, называющуюся «Жаз», начало которой таково:

Саурде кутерлиер рахмет туы,
Куринер кок жузинде каз бен куы.
Коктен жамгыр, таулардан сулар журип,
Жаилар жер жузине кардын суы...
...Песня эта, довольно длинная сама по себе, благодаря монотонному напеву тянулась долго. Исполнение ее шло не сразу всеми школьниками вдруг, а таким образом, что сначала один пел два первые стиха, а потом уже все подхватывали последний.

Запевало:
Саурде кутерлиер рахмет туы,
Куринер кок жузинде каз бен куы.
Хор:
Куринер кок жузинде каз бен куы».
Мақалада өлеңнің не болмаса әннің авторы жазылмаса да, оның мәтінен-ақ Ыбырай Алтынсарин-

і этнография при Императорском Казанском университете журналында «Орысша сөйлей білетін Торғайлық қазақтың әні» деген ән мәтіні де жарияланған. Академик Ахмет Жұбанов өзінің «Ән-күй сапары» атты кітабында «Ыбырай Алтынсарин Арқаға рояль әкелгізіп, өзі ұстаздық еткен мектептерде шәкірт балалардың басын қосып, бір дауысты хор ұйымдастырған. Ағарту министрлігінің мектептеріндегі әнді хормен айту дәстүрі революцияға дейін келіп жетті [Ән-күй сапары/А.К.Жұбанов; – Алматы: Ғылым, 1976. – 31-32 б.] деп жазыпты. Жұбановтың өзі де мектептегі орыс-қазақ хорына қатысқан. Әнді хормен айту тек мектеп қабырғасында ғана қалып қоймай, Торғай өңіріндегі өнерпаздар арасына тамыр тартып, елге тарала бастады. Мәселен, 1916 жылы «Қазақ» газетіне шыққан «Торғайда әдебиет кеші» атты мақалада «Шатыр» өлеңін әйелдер мен еркектер қосылып бірге айтқаны жазылыпты. Аталған әдебиет кешіне қатысып, өнер көрсеткендердің қатарында Омар Алмасов, Уәлихан Қаратаев, Қосмұхамед Жабағин, Жүсіп Темірбеков, Мұқаш Айнабеков, Байқадам Қаралдин, Кәрім, Ғалым Тоқтабаевтар болған. Бұлардың барлығы дерлік Ыбырай Алтынсарин ашқан мектепте білім алған тұлғалар еді. Қазақтың көрнекті композиторы Бақытжан Байқадамов Торғайда кеш өткізуге қатысып, өзі театр үйірмесінің мүшесі болған Байқадам Қаралдиннің ұлы екендігін де айтып өту ләзім. Бақытжан өсейген шағында өзі бала күнінен көріп өскен үлгісін ұмытпай, Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттың оқып жүрген кезінде музыкалық үйірмелер, хор топтарын ұйымдастырды. Кейін дәстүрлі халық музыкасын заманауи формалармен ұштастырып, Қазақстандағы хор музыкасының негізін салушылардың біріне айналды. Қазір еліміздегі мемлекеттік хор капелласына Бақытжан Байқадамовтың есімі берілген.

жазған хаты және ел арасынан ертеден таралған «Сәуір» атты өлеңді естігені жазылған. Кітаптың «Ночлег на карасу» бөлімінде саяхатшының Нұрғожа Атабеков деген жол бастаушымен бірге Доспай Әміров деген байдың ауылына қонақ болып түскені баяндалған. Қонақасы ішілгеннен кейін Доспайдың үйіші Нұрғожадан ән салып беруін өтінеді. Нұрғожа қобызын қолына алып, айтылған өтініш бойынша «Сәуір» атты өлеңді айтып берген. Әнді тыңдаушының алған әсері қандай болғандығын оның жазбаларынан-ақ көруге болады:

«Вдруг слабыл, перебезжащий, словно издалека идущий звук жалобно и тягуче прорезал воздух, и все мгновенно затихли и насторожились... За первым звуком последовал второй – уже более определенный и полный, его неожиданно сменила какая-то мудреная фиоритур, которая столь же неожиданно и оборвалась... А там опять откуда-то потянулась тонкая, плачущая нота... другая... третья... снова повторилась прежняя фиоритур – и, чуть слышно, раздалась вступительные слова песни...

Саурда котерилер рахмет тууы...
Корунер кок жузинде каз бен кууы,
Коктен жамгыр таулардан сулар журип,
Жайлар жер жузине кардын сууы...
Ушпакшан быр саууласы жерге тюсюп,
Остерер жерден шопты нурдынъ бууы!

Так пел Нургужа, и печальные звуки его кобыза, чередуясь с вычурными фиоритурами, то резко и нежданно обрывались, то, захваченные своеобразной мелодией, затейливо сопровождали ее и, как змеи, переплетались между собою в странные, незнакомый многозвучия... И, повинувшись чарам песни, вставали одна за другой картины привольной, безграничной степи в ликующем блеске волшебной весны, в благоухающем уборе цветов и трав...

«Алтынсариннің «Сәуір» қарағанды қиын. Бірақ Ыбырай өмір сүрген аумақта қобыздың қалыптасқан үлкен мектебі болды. Саяхатшы П.Небольсин 1854 жылы Петербургте жарық көрген «Расказы проезжего» атты кітабында Ахмет Жантөрин, Балғожа билермен қатар жүргенде, олардың ауылынан қобызшыларды көргенін, олардың бірі қобызбен сүйемелдеп, екіншісі ән айтқанын жазып қалдырған. Нұрғожа Атабековтың Ыбырай өлеңін қобызбен орындауын сол дәстүрдің жалғасы деп айтуымызға да болатын шығар. Қалай десек те Алтынсары баласының осынау өлеңі («Сәуірде көтерілер рахмет туы») ұзақ уақыт бойын Торғай даласында сазды әуенге қосылып айтылып келген. Оған мектеп оқушыларының хормен айтуы да, Нұрғожа әншінің жеке орындап жүргені де дәлел бола алады. Өкініштісі аталған әннің нотаға түспеуі.

Торғай өңірінің тарихын жақсы білген Әмірхан Абдуллин, Орекен Алмат секілді көне көз қарттар Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылық» өлеңінің де әні болғанын, оның мектепте орындалғанын айтады. Әр мектепке «Боже, царя храни» деп ұрандатқан кезеңдегі Ыбырайдың бұл өлеңінің өз әнімен орындалуы, бодандықтағы елдің рухын оятуға, оқу-білім арқылы көзін ашуға деген ұмтылысы болса керек. Қазір бұл әнді білетін адам қалмады. Дегенмен Торғай өңіріндегі кейінгі буын сазгерлер арасында да Ыбырай өлеңдеріне арнайылап ән жазып, елге таратып жүргендер бар. Оның ішінде «Кел, балалар, оқылық» өлеңіне ән жазған Айтбай Мұздахановты атап көрсетуге болады. Мұнан бөлек Ыбырайдың шығармаларын мотив етіп алған не болмаса ұлы ұстаздың тұлғасына арналған әндер де аз емес.

**Батырлан САҒЫНТАЕВ,
Дала өлкесі тарихы
облыстық мұражайы басшысының ғылыми істер
жөніндегі орынбасары**